

**Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 3 қыркүйектегі № 169 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 қыркүйекте № 36792 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 65-22) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне орындалуы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
туризм және спорт министрі*

*Е. Мырзабосынов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

**Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 65-22) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне (бұдан әрі – ОРММИК) және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына (бұдан әрі – СДБМИ) оқуға қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ "Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) оқушы – ОРММИК немесе СДБМИ-де білім алатын тұлға;

3) үміткерлердің резервтік тізімі – негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түспеген, кему тәртібімен жиналған балдардың сомасы бойынша ОРММИК немесе СДБМИ-ге оқуға түсуге үміткерлердің тізімі.

3. Білім алушылардың қатарына қабылдау ОРММИК немесе СДБМИ ұйым басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

4. ОРММИК немесе СДБМИ басқа ОРММИК және СДБМИ-де, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, спорт федерацияларда, жалпы білім беретін мектептердің жанындағы спорт секцияларында, балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даярлығы клубтарында алдын ала дайындықтан өткен және таңдалған спорт түрі бойынша жалпы дене шынықтыру және арнайы дене шынықтыру даярлығы емтихандарынан тұратын конкурстан өткен оқушылар арасында оқуға қабылдауды жүзеге асырады.

5. Негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түспеген үміткерлерді резервтік тізімге енгізу, конкурстық комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырылады. Үміткерлердің резервтік тізімге енгізілген тұлғалар ОРММИК және СДБМИ-ге кему тәртібімен жинаған балл сомасы бойынша бос орын болған кезде оқу жылы ішінде қабылданады.

Бос орындардың болуы туралы ақпарат ОРММИК және СДБМИ ақпараттық стендтерінде және интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) Бірыңғай байланыс орталығына, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілер болып танылатын ОРММИК және СДБМИ-ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, олар бекітілген немесе өзгертілген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде жолдайды.

**2-тарау. Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау қағидалары**

7. ОРММИК және СДБМИ-дың 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сыныптарына және техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі (бұдан әрі – конкурс).

8. Олимпиада және Азия ойындарының, әлем, Азия чемпионаттарының, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының, "Дети Азии" халықаралық спорттық ойындарының, Жастар спорт ойындарының, Қазақстан Республикасының Спартакиада чемпиондары мен жүлдегерлері ОРММИК немесе СДБМИ-қа конкурстан өтпей әңгімелесу нәтижесі бойынша қабылданады.

9. ОРММИК және СДБМИ-тың 5, 6, 7, 8 және 9 сыныптарына түсуге жыл сайын ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 маусымнан бастап 20 тамызға дейін қоса алғанда, 10 және 11-сыныптарға түсуге жыл сайын ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 маусымнан бастап 15 тамызға дейін қоса алғанда құжаттарды қабылдау жүргізіледі.

ОРММИК-дың 1 курсына түсуге жыл сайын ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 маусымнан бастап 5 тамызға дейін қоса алғанда техникалық және кәсіптік білім беру базасында құжаттарды қабылдау жүргізіледі.

ОРММИК және СДБМИ-қа оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адам өзі, кәмелетке толмаған адамның атынан баланың заңды өкілі тапсырады.

10. ОРММИК және СДБМИ-ға оқуға өтініштерді қабылдау және білім алушылар құрамына қабылдау ОРММИК және СДБМИ басшының бұйрығымен ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 мамырынан кешіктірмей құрылатын қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

Қабылдау комиссиясы тақ санды мүшелерден тұрады, оның құрамына ОРММИК немесе СДБМИ және дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. ОРММИК немесе СДБМИ жұмыскерлері ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы ОРММИК немесе СДБМИ басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылардың жұмысын ұйымдастыруды жауапты хатшы жүзеге асырады, ол азаматтарды қабылдауды жүргізеді, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұрауларына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, әңгімелесулерді, емтихан алдындағы кеңестерді дайындауды және өткізуді ұйымдастырады, емтихан және жазбаша жұмыстарды шифрлауды және дешифрлеуді жүргізеді. ОРММИК және СДБМИ-ге түсетіндердің құжаттарын қабылдауды және тіркеуді техникалық хатшылар жүзеге асырады.

11. Конкурсты өткізу үшін ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірмей конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссияның құрамына ОРММИК немесе СДБМИ ұйымдарының және дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. Комиссия төрағасы конкурстық комиссия мүшелерінің ішінен көпшілік даусымен сайланады, конкурстық комиссияның құрамы ОРММИК немесе СДБМИ басшысының бұйрығымен бекітіледі.

12. Қабылдау және конкурстық комиссия шешімдері, егер олардың отырыстарына мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып есептеледі және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Қабылдау және конкурстық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Хатшылар қабылдау және/немесе конкурстық комиссиялардың мүшелері болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында отырыс хаттамасы жүргізіледі, ол ұйымның архивінде кемінде үш жыл сақталады.

13. "Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) ОРММИК және СДБМИ-мен көрсетіледі.

ОРММИК және СДБМИ түсу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе "электрондық үкімет" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса, еркін нысандағы өтініш береді.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды кеңсеге немесе портал арқылы тапсырған сәттен бастап 4 (төрт) сағат ішінде ұсынылған құжаттардың Тізбеде және осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген талаптарға толықтығы және сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініштің көшірмесіне күні мен тегін көрсете отырып, қабылданғаны туралы белгі қояды, порталда – көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдағаны туралы хабарлама жібереді.

15. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тартады, порталда – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолдайды.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасалатын, лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

18. Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

19. Шағымды қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

20. ОРММИК және СДБМИ-на 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11 сыныптарға оқуға қабылдау үшін екі турдан тұратын конкурс өткізеді.

21. Бірінші тур екі кезеңнен тұрады:

- 1) жалпы дене шынықтыру даярлығы;
- 2) арнайы дене шынықтыру даярлығы.

22. Бірінші тур оқуға түсушілердің жоғары жаттығу және жарысқа төзімділік қабілеттілік жүктемесін анықтауға бағытталған.

23. Бірінші турды өткізу кезінде конкурстық комиссиямен дене шынықтыру даярлығы нәтижелерінің хаттамасы және конкурс қорытындылары бойынша бағалау ведомосы жүргізеді.

Конкурстың дене шынықтыру даярлығы нәтижелері "1", "2", "3", "4", "5" бағалармен бағаланады.

24. Оқуға түсушілердің орташа конкурстық бағасы тең болған жағдайда оқуға түсушінің спорттық разряд пен спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық және өңірлік күнтізбелеріне енгізілген спорттық жарыстардағы нәтижелері ескеріледі.

Конкурстық іріктеу өткізу кезеңінде аудио, бейне жазба жүргізіледі, ол ОРММИК және СДБМИ архивінде үш жыл сақталады.

25. Конкурстық комиссияның бірінші турынан өту кезіндегі 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11 сыныптарына нормативтердің мазмұны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

26. Екінші тур - оқуға түсушілерге арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша тест:

1) 5-сыныпқа пәндер бойынша 30 сұрақ кіреді:

математика және логика – 20 сұрақ;

оқу сауаттылығы – 10 сұрақ;

2) 6-сыныпқа пәндер бойынша 50 сұрақ кіреді:

математика және логика - 25 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 15 сұрақ;

Қазақстан тарихы - 10 сұрақ;

3) 7-8-сыныптарға пәндер бойынша 60 сұрақ кіреді:

математика және логика – 30 сұрақ;

оқу сауаттылығы – 15 сұрақ;

Қазақстан тарихы – 15 сұрақ;

4) 9-сыныпқа пәндер бойынша 65 сұрақ кіреді:

математика және логика – 30 сұрақ;

оқу сауаттылығы – 20 сұрақ;

Қазақстан тарихы – 15 сұрақ;

5) 10-11-сыныптарға пәндер бойынша 70 сұрақ кіреді:

математика және логика – 30 сұрақ;

оқу сауаттылығы – 20 сұрақ;

Қазақстан тарихы – 20 сұрақ.

27. Жалпы білім беретін пәндер бойынша тестке бөлінген уақыт 5-сыныпта – 60 минут, 6-сыныпта – 90 минут, 7-сыныпта – 120 минут, 8-сыныпта – 150 минут, 9-сыныпта – 170 минут, 10 және 11-сыныптарда – 180 минут (көрсетілген уақытқа тест материалдарын тарату, Жауап парағының бөлімдерін толтыру, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарының уақыты кірмейді).

28. Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны "4" (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір дұрыс емес жауап "-1" коэффициентіне көбейтіледі. Осылайша, жалпы қорытынды есептеледі ( $4 \times$  дұрыс жауаптар саны + (-1) \* дұрыс емес жауаптар саны = жалпы қорытынды балл).

29. ОРММИК және СДБМИ-на 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11 сыныптарға оқуға қабылдау конкурсы ағымдағы күнтізбелік жылдың 21 мен 26 тамыз аралығында жүргізіледі.

30. Конкурс нәтижелері бойынша апелляция өткізілмейді.

31. ОРММИК-ке техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарына оқуға түсетін тұлғалар міндетті пәндер бойынша емтихандар, мамандық бейіні бойынша пәндер, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шығармашылық емтихандар тапсырады.

Конкурс ағымдағы күнтізбелік жылдың 6 мен 11 тамыз аралығында жүргізіледі.

32. ОРММИК-ке техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарына оқуға түсушілерден түскен өтініштер "Ұлттық білім беру деректер базасы" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ҰБДБ) тіркеледі.

33. Конкурсты ҰБДБ ақпараттық жүйесі орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) бойынша оқуға түсушілерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер және ОРММИК өткізген шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес алынған балдарды автоматтандырылған бөлу жолымен өткізеді.

Оқуға түсушілерді автоматты түрде бөлуді ҰБДБ ақпараттық жүйесі жүзеге асырады.

34. Уәкілетті органның құзыретіндегі ОРММИК-ке түсетін тұлғалар арасындағы конкурсты ОРММИК мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлудің автоматтандырылған жүйесін қолдана отырып, дербес өткізеді.

35. Емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі, апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі.

Колледжге шығармашылық емтихан тапсыру кезінде ОРММИК оқушыларды іріктеуге арналған нормативтердің мазмұны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Шығармашылық емтихандар "1", "2", "3", "4", "5" бағалармен бағаланады.

36. Шығармашылық емтиханның нәтижелері өткізілетін күні ақпараттық стендтерде және ОРММИК-ң интернет-ресурстарында жарияланады және орналастырылады.

37. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесі осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес айқындалады.

38. ОКБ олардың жалпы санына осы Қағидалардың 4, 5-қосымшаларына сәйкес пәндер бойынша бағалар, шығармашылық емтихандар бағалар сомасының орташа мәні ретінде айқындалады.

39. ОРММИК-ке түсушілер бағалардың орташа балы түсушілер үшін - төрт пән бойынша бағалардан құралады: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән (қажет болған жағдайда) және/немесе шығармашылық емтихан бойынша бағаларынан/балдарынан:

$ОКБ = (МП1 + МП2 + БП1 + БП2 + ШЕ) / БС,$

мұнда МП1 – 1 міндетті пәннің бағасы;

МП2 – 2 міндетті пәннің бағасы;

БП1 – 1 бейіндік пәннің бағасы;

БП2 – 2 бейіндік пәннің бағасы;

ШЕ – шығармашылық емтиханның бағасы (екі шығармашылық емтихан өткізген кезде ШЕ2);

БС – бағалар саны.

40. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа баллы ескеріледі.



41. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және емтихандар, әңгімелесу нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу мақсатында және оқуға түсушілердің құқығын қорғау үшін ОРММИК басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы ОРММИК педагогтерінің арасынан құрылады. Тестілеудің бір пәні бойынша кемінде екі адам болуы тиіс. Апелляциялық комиссия құрамынан мүшелердің көпшілік даусымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

42. Емтихандар нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға емтихандар нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш берушінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

43. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамалармен ресімделеді.

44. ОРММИК-ке мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау ұйымның жобалық мүмкіндігін ескере отырып, тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Жобалық мүмкіндік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

Олимпиадалық резервтің  
республикалық, облыстық,  
республикалық маңызы бар  
қалалардың және астананың  
мамандандырылған  
мектеп-интернат-колледждеріне және  
спорттағы дарынды балаларға  
арналған облыстық,  
республикалық маңызы бар  
қалалардың, астананың  
мектеп-интернаттарына оқуға  
қабылдау қағидаларына  
1-қосымша

"Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық

, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

1. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға оқуға қабылдау.
2. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 10 және 11 сыныптарға оқуға қабылдау.
3. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің бірінші курсына оқуға қабылдау.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы немесе "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе портал арқылы құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 4 (төрт) сағат. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінің тегі мен күні көрсетілген қабылдау туралы белгісі бар өтініштің көшірмесі, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда – көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық

		қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00 – ден 14.30 – ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00 – ден 18.30 – ға дейін.</p> <p>Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: <a href="http://www.gov.kz/entities/tsm">www.gov.kz/entities/tsm</a> "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде:</p> <p>мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері бойынша:</p> <p>1. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері ( бұдан әрі – ОРММИК) және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың ( бұдан әрі – СДБМИ) 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға оқуға қабылдау.</p>

2. ОРММИК және СДБМИ 10 және 11 сыныптарға оқуға қабылдау:

- 1) кәмелетке толған тұлғадан немесе баланың заңды өкілінің еркін нысандағы өтініші;
- 2) оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке сәйкестендіру нөмірі бар туу туралы) немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) оқуға түсушінің ата-анасының немесе заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 4) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасы;
- 5) негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат немесе жалпы орта білім туралы аттестат (10 және 11 сыныптарға оқуға түсетін кезде) (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);
- 6) куәліктің немесе мынадай спорттық атақтарды немесе спорттық разрядтарды беру туралы бұйрық немесе бұйрықтан үзінді көшірме: "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат", 1-разрядты спортшы, 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы немесе 5, 6, 7-сыныптарға түсу кезінде спорт ұйымынан бастапқы даярлық кезеңінен өткені туралы анықтама немесе спорт секцияларында даярлықтан өткені туралы жалпы білім беретін мектептен анықтама;

7) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) 3-қосымшасымен бекітілген нысан б о й ы н ш а

амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттамасының түпнұсқасы, атап айтқанда, өтінім беру күніне дейін 14 күнтізбелік күн бұрын берілген қанның, зәрдің жалпы талдауы туралы анықтамалар, стоматолог, эндокринолог, кардиолог, фтизиатр (тұрақты Манту реакциясы жағдайында) қорытындылары, № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасы (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасы, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтама, жүректің, бүйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындылары, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысы, сондай-ақ мидың магниттік-резонанстық көрінісі туралы қорытындысы (бокс бөліміне түсу кезінде), 10 және 11-сыныптарға түскен кезде қосымша № 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама (

дәрігерлік

кәсіптік-консультациялық  
қорытынды);

8) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірыңғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының көшірмелері (бар болған жағдайда);

9) облыстық ОРММИК-ке және СДБМИ-ға оқуға түсушілер үшін бірыңғай өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе қалалық, немесе аудандық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғандығын куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстың хаттамалардың көшірмелері (бар болған жағдайда).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі бойынша:

3. ОРММИК колледжінің бірінші курсына оқуға қабылдау:

1) еркін нысадағы өтініш;

2) оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) жалпы орта білім туралы аттестат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

4) келесі спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы куәліктің көшірмесі немесе бұйрықтың (бұйрықтан үзінді) көшірмесі: "Қазақстан

Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан

Республикасының спорт шеберлігіне кандидат", 1-разрядты спортшы;

5) 3x4 өлшемдегі төрт фотосурет немесе 3x4 мөлшердегі электрондық фотосурет;

б) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген нысан б о й ы н ш а

амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттамасының түпнұсқасы, атап айтқанда, № 075/у нысандағы медициналық анықтамасы ( д ә р і г е р л і к

кәсіби-консультациялық қорытынды) қанның, несептің жалпы талдауының деректері өтінім беру күніне дейін 14 күнтізбелік күн бұрын, стоматолог , эндокринолог, кардиолог, фтизиатр (тұрақты Манту реакциясы жағдайында) қорытындылары), № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасы ( бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасы, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтама, жүректің, бүйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындылары, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысы, сондай-ақ мидың магниттік-резонанстық көрінісі туралы қорытындысы (бокс бөліміне түсу кезінде);

7) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірыңғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының көшірмелері (бар болған жағдайда);

8) Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасы;

порталға:

мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері бойынша:

1. ОРММИК және СДБМИ 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға оқуға қабылдау.

2. ОРММИК және СДБМИ 10 және 11 сыныптарға оқуға қабылдау:

көрсетілетін қызметті алушының (баланың заңды өкілінің) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасының электрондық көшірмесі;

2) құжаттың электрондық нысанындағы негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат немесе жалпы орта білім туралы аттестат (10 және 11-сыныптарға түскен кезде) (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) мынадай спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе бұйрықтың электрондық көшірмесі немесе бұйрықтан үзіндінің электрондық көшірмесі: "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат", 1-разрядты спортшы, 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы немесе 5, 6 және 7-сыныптарға түсу кезінде



спорт ұйымынан бастапқы даярлық кезеңінен өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі немесе спорт секцияларында даярлықтан өткені туралы жалпы білім беретін мектептен анықтама электрондық көшірмесі;

4) 3x4 өлшемдегі электрондық фотосурет;

5) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірыңғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының (бар болған жағдайда), облыстық ОРММИК-ке және СДБМИ-ға оқуға түсушілер үшін бірыңғай аймақтық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе қалалық, немесе аудандық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғандығын куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстың хаттамалардың электрондық көшірмелері (бар болған жағдайда);

б) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген нысан б о й ы н ш а

амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттама түпнұсқаның электрондық көшірмелері, атап айтқанда электрондық көшірмелері: өтінім беру күніне дейін 14 күнтізбелік күн бұрын берілген қанның, зәрдің жалпы талдауы туралы анықтамалар, стоматолог, эндокринолог,

кардиолог, фтизиатр (тұрақты Манту реакциясы жағдайында) қорытындылары, № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық наукастың медициналық картасы (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасы, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтама, жүректің, бүйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындылары, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысы, сондай-ақ мидың магниттік-резонанстық көрінісі туралы қорытындысы (бокс бөліміне түсу кезінде), 10 және 11-сыныптарға түскен кезде қосымша № 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды); мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрі бойынша:

3. ОРММИК колледжінің бірінші курсына оқуға қабылдау:

көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының немесе заңды өкілінің) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасының электрондық көшірмесі;

2) жалпы орта білім туралы аттестаттың электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) мынадай спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе бұйрықтың (бұйрықтан үзінді) электрондық көшірмесі: "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "

Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат", 1-разрядты спортшы;

4) 3x4 өлшемдегі электрондық фотосурет;

5) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірыңғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының электрондық көшірмелері (бар болған жағдайда);

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген нысан б о й ы н ш а

амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттама түпнұсқасының электрондық көшірмелері, атап айтқанда электрондық көшірмелері: № 075/у нысандағы медициналық анықтамасының ( д ә р і г е р л і к

кәсіби-консультациялық қорытынды) қанның, несептің жалпы талдауының деректері өтінім беру күніне дейін 14 күнтізбелік күн бұрын, стоматолог, эндокринолог, кардиолог, фтизиатр (тұрақты Манту реакциясы жағдайында) қорытындыларының), № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасының (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасының, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтамасының, жүректің, бүйректің, ішектің

		<p>мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындыларының, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысының, сондай-ақ мидың магниттік резонанстық көрінісі туралы қорытындысының (бокс бөліміне түсу кезінде).</p>
